



НАЗАР/2

Әлеуметтік көмек тұрақты беріледі



ТАРИХ/3

Арыстан баб



ӨНЕР/6

Әнім сенсің, туған жер!



ТӘРБИЕ/8

«Шеңбердің» шығалаңы

## «Құрметті сенатор» мәртебесі берілді

Бейсенбіде Парламент Сенатының пленарлық отырысы басталар алдында Нұрсұлтан Назарбаевқа «Құрметті сенатор» мәртебесін беру рәсімі өткізілді.

Елбасы барлық депутаттарға қолдау көрсеткені және еңбегін жоғары бағалағаны үшін алғыс айтты.

– Көпшілігімізбен соңғы 30 жыл бойы бірге жұмыс істеп келеміз. Біз көптеген қиындықты бірге өткердік. Маған «Құрметті сенатор» мәртебесін беру туралы шешім қабылдағандарыңыз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті қолға алған реформаларды тиімді жүзеге асыру ісінде Парламенттің сапалы заң шығару қызметінің маңызды екенін ерекше атап өтті.


– Еліміз бүкіл әлемге танымал болды. Экономикамыз дамып, азаматтарымыздың тұрмыс деңгейі артты. Біз мемлекетті жаңғыртуға бағытталған бірнеше бағдарлама қабылдадық. Сіздер сол құжаттарды жүзеге асыруға белсене атсалысып келесіздер. Реформалардың табысты болуы сіздердің жұмыстарыңызға байланысты, – деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев қоғамның тұрақтылығын нығайту және дамудың стратегиялық бағдарының сабақтастығын қамтамасыз ету үшін президенттік өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдағанын айтты.

– Біздің басты жетістігіміз – елдегі тұрақтылық пен тыныштық. Әлемдік қоғамдастықтың қабылдаған шешіміме білдірген пікіріне таңқалдым. Біз бүкіл әлемге билік транзитіне қатысты мәселені қалай шешуге болатынын көрсеттік, – деді Елбасы.

Соңында Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіз Қазақстанды одан әрі дамыту және өркендеуге ісінде жастардың маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

### МЕРЕЙ



## Ғасыр ғұмыр иесі

Бейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Қошарбаев соғыс және еңбек ардагері Бөрібай Құлмановтың үйіне барып, туған күнімен құттықтады.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Аймақ басшысы ардагерге сыйсияпат тапсырды. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін алғысын жеткізді.

Бөрібай Құлмановты өзіне көрсетілген құрмет үшін ел басқарған азаматтарға тілектестік білдірді.

– Аймақ тынысы жылдан-жылға ашылып келе жатыр. Қол жеткен табыс көп. Сыр бойының әлі де алар асуы алда. Осы жолда талмай еңбек еткен азаматтарға мың алғыс. Жылына бір рет келетін Ораза айтымен халықты шын жүректен құттықтаймын. Қиын-қыстау заманда барын бөлісіп жеген халықтың бүгінгі жеткен жетістігін көруді нәсіп кеткен Аллаға мың шүкір. Табысты боилдар, еліміз аман, егемендігіміз баянды болсын, – деді ғасыр ғұмыр иесі.

Айта кету керек, соғыс және еңбек ардагері Бөрібай Құлманов 1920 жылы туылған. Еңбек жолын қарапайым ауыл шаруашылық саласынан бастаған. Ұлы Отан соғысында Беларусь, Польша, Германия майдандарына қатысқан. Соғыс аяқталған жылы Қытайда және Шығыс Түркістанда қызмет атқарды. Елге оралғаннан кейін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында қызметте болды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де Қызылорда экспериментальды-механикалық жөндеу зауытында қызмет атқарды. Осындай ел мүддесі жолындағы есел еңбектері үшін «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Құрмет» ордалары және Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.



# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

8 маусым /СЕНБІ / 2019 ЖЫЛ



№83-84 (19761-19762)

### КЕШЕНДІ ЖОСПАР – КЕМЕЛДЕНУ БАҒДАРЫ



## Инфрақұрылым игіліктері толыса түседі

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде Қызылорда облысында қол жеткізілген айтулы жетістіктердің қатарында халықтың табиғи газ игілігін көре бастауы болды. Осыдан 15 жыл бұрын «Қызылорда қаласының жылу-қуат көздерін және тұрғын үй секторын ілеспе газға көшіру» жобасы басталды. Нәтижесінде облыс орталығына 124 шақырымдық «Ақшабулақ-Қызылорда» магистральді газ құбыры тартылып, газтүрбиналық станса пайдалануға берілді. Сол тұста ілеспе газдың құны елдегі ең төменгі бағаны құрады.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Қызылорда облысын кешенді газдандыру жобасының I кезеңі осыдан 6 жыл бұрын басталды. Аудандарды газдандыру бойынша облыс әкімдігі мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ арасында 2013 жылы қол қойылған меморандумға сәйкес, құны 24,7 млрд теңге болатын «Қызылорда облысының 5 елді мекенін газдандыру» инвестициялық жобасы іске асырылды. Соның нәтижесінде аймақтағы 4 аудан орталығы – Арал қаласы, Әйтеке би, Шиелі және Жаңақорған кенттері, сондай-ақ, Байқоңыр қаласы газдандырылды. Дегенде, қалған үш аудан орталығы – Жосалы, Жалағаш және Теренөзек кенттерін газдан-

дыру жұмыстары біршама кешеуілдеген болатын. Енді бұл мәселе шешімін тауып, оның орындалатын мерзімі де белгіленіп отыр. Дәлірек айтқанда, Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2019-2022 жылдарға арналған Кешенді жоспарына сай 2020 жылдың соңына дейін Жосалы, Жалағаш және Теренөзек кентінде газдандыру жұмыстары аяқталуы тиіс. Олармен қатар Жақсыкылыш кенті тұрғындары да көгілдір отын игілігіне қол жеткізеді. Осылайша келесі жылдың соңына дейін облыста тағы да 45 мың тұрғын табиғи газ пайдалануға көшеді. Ал жалпы Кешенді

жоспарға сай 4 жыл ішінде 85 мыңнан астам халқы бар 10 елді мекен газдандырылмақ. Атап айтқанда, 2021 жылы Қазалы қаласы және Ақай мен Төретам елді мекендерінде газдандыру жұмыстары атқарыла, 2022 жылы облыс орталығының іргесіндегі Наурыз, Махамбет елді мекендері және Арал ауданындағы Сексеул кенті тұрғындары көгілдір отын игілігін көре бастайды. Жоғарыда аталған барлық газдандыру жұмыстарына Кешенді жоспарға сай 22,8 млрд теңге қаралып отыр. Соның нәтижесінде табиғи газбен қамтылатын облыс тұрғындарының үлесі 64%-тен 70%-ке жетпек. Бұл жерде облыс басшылығының Үкімет алдында Сыр елі тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін жеңілдетуге өте бір септігін тиізетін мәселені дәлелдеп жеткізіп, Қызылорда облысының 2019-2022 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының Кешенді жоспарына енгізуі үлкен табыстылықпен келген жетістік.

2-бет.

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ТУРАДАҒЫ 2019-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ ТУРАЛЫ

ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ – ЕЛБАСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫ (2019 ЖЫЛҒЫ 7 АҚПАҢДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ)

Үкіметке және Қызылорда облысы өкіміне ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ТУРАДАҒЫ 2019-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫН Әзірлеп, ҚР Үкіметінің Қаулысымен бекітсін

12 бағыт, 119 іс-шара

1. Өнеркәсіп
2. Агрөнеркәсіп кешені
3. Кәсіпкерлікті дамыту
4. Көлік инфрақұрылымы
5. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту
6. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
7. Тұрғын үй құрылысы
8. Денсаулық сақтау
9. Халықты әлеуметтік қорғау
10. Спорт
11. Экология және табиғатты пайдалану
12. Су тасқынына қарсы іс-шаралар

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША 2019-2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЛЕМІ

Қаржыландыру көздері	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	Жиыны
Республикалық бюджет	13 900,7	52 108,9	50 106,1	40 568,9	156 684,6
Жергілікті бюджет	14 628,9	13 755	12 859,9	9 390,9	50 635,6
Жеке инвестициялар	5 502,5	3 507	-	3 400	12 409,5
<b>ЖИЫНЫ</b>	<b>34 032,1</b>	<b>69 370,8</b>	<b>62 966</b>	<b>53 359,8</b>	<b>219 728,7</b>

(млн. теңге)

ӨНЕРКӘСІП

ЖАҢА КЕН ОРЫНДАРЫН БАРЛАУ ТУРАЛЫ

- ПЕРСПЕКТИВАЛЫ КЕН ОРЫНДАРЫ ОҢТУСТІК ТОРҒАЙ, СЫРДАРІЯ ЖӘНЕ ШУ-САРЫСУ ОЙПАТТАРЫ
- ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БАРЛЫҚ МҮНАЙ КЕН ОРЫНДАРЫ САРҚЫЛҒАН. МҮНАЙ БҰРғыЛАУ ТЕК 1,5-2 МЫҢ МЕТР ТЕРЕҢДІКТЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ. 5 МЫҢ МЕТРДЕН АСТАМ ТЕРЕҢДІКТЕ ІЗДЕУ-БАҒАЛАУ ЖҮМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ҰСЫНЫЛАДЫ

2-бет.

### ҚОЛДАУ

## Ел іші – алтын бесік

Жуырда «Жаңақорған Жаңақорған жастары» еріктілер тобының ұйымдастыруымен жалғызбасты ана, 2-ші топ мүгедегі Анарқұл Беласароваға асар әдісімен баспана салынған болатын.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ, Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.



Аудандағы қайырымдылық шаралары жалғасын тапты. Міне, енді сол баспананың кілтін табыстау салтанаты мен әлеуметтік жағдайы

төмен отбасыларға тегін азық-түлік пен киім-кешек тарататын дүкеннің ашылуына куә болдық. Бұл рәсімге аудан әкімі Ғалым

Әміреев қатысып, жаңа баспаналы болғандарға құтты болсын айтты.

– Құрылғанына әлі бір жыл болмаған еріктілер тобы бүгінде жерлестеріміздің алғысына бөленіп, жақсылықтардың жаршысы атанып жүр. Олар алты айда екі отбасын

20 тұрғын үй түседі. Біз осылайша қайырымды жандар қолымен баспана мәселесін азайтамыз, – деген аудан басшысы жақын арада іргесі қаланатын тұрғын үйге өз қаражаты есебінен көмек көрсетінін жеткізді. Сондай-ақ, ауданның бас има-

Игілікті жұмыс жастардың ауызбіршілігін, ата-анадан алған тәрбиелерін танытқаны анық. Ауыл жастары бірігіп 20 мың кесек пен ағаш алып, Беласароваға берілген үйдің қабырғасын өріп, іші-сыртын сылау жұмыстарын атқарды. «Көп тілегі – көп» деген «Мега-Пицца777» орталығының жетекшісі Қыдыржан жана үйдің терезелерін салып берсе, ауданға танымал Исаевтар отбасы баспананың шатырын жабу міндетін алды. «Шаншар» әзіл-сықақ театрының әртісі Дәурен Әбиев пен кәсіби медиатор, адвокат Дәулет Тұрабаев қаржылай демеушілік жасады. Еденді жабықтауға кәсіпкер Нұрболат Әшіров пен Қоғамбек Бейсенбиев көмек көрсетті. Басқа да азаматтар қолдан келген жәрдемін аяған жоқ. Осылайша, жұмыла көтерген жүк жеңілдеп, бір отбасының мәселесі шешім тапты.

Жалпы жұртшылықтың алғыс сезімін туғызған ізгі істің бастамашалары қатарында Жаңақорған кентінің 1991 жылғы туған жас тұрғындары мен кент орталығындағы үш мешіттің жамағаты бар.

2-бет.



# Инфрақұрылым игіліктері толыса түседі

**КЕШЕНДІ ЖОСПАР 2019-2022 Ж.Ж.**

**ГАЗДАНДЫРУ** 22,8 млрд теңге  
облыс тұрғындарын қамту

**ЖОЛ** 4 жыл ішінде 858 шақырым жол жөндеуге  
64%-тен 70%-ке жетеді

**ЖЫЛУ орталығын модернизациялау** 22,8 млрд теңге  
7,5 млрд теңге

**Жылу құбырларын жаңартуға** 28,6 млрд теңге

**АУЫЗ СУ ЖӘНЕ СУ БҰРУ** 28,6 млрд теңге

Жалпы аталған жоспарда облыстың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында газдандыру, жылумен, ауыз су және аяқсумен қамтуға 35 іс-шарасына 74,3 млрд теңге қарастырылған. Жоспарға енген әрбір іс-шара маңызды. Десе де, көптен көтеріліп келе жатқан өзекті проблема – облыс орталығындағы жылу-электр станциясын модернизациялаудың мәселесі шешімін тауып отырғаны қуантпай қоймайды. Кешенді жоспарға сай 2022 жылдың соңына дейін станцияны толығымен жаңартып, оның қуаттылығын 300 Гкал-ға жеткізу міндеті тұр. Сонымен қатар, 10,8 шақырым жылу құбыры алмастырылып, жылу жүйесінің тозулық жағдайы 42%-тен 36,6%-ке төмендейді. Жылу орталығын модернизациялауға 22,8 млрд, жылу құбырларын жаңартуға 7,5 млрд теңге жұмсалмақ. Сөз жоқ, осы жұмыстар атқарылғаннан кейін облыс орталығында жылумен қамтамасыз етудің сапасы ануарлық артатын болады. Сол секілді Кешенді жоспар шеңберінде ауыз су жеткізу және су бұрудың 14 іс-шарасына 28,6 млрд теңге бөлінеді. Бұл 111 мың халық тұрақты түрде берілетін сапалы ауызумен қамтамасыз етіледі деген сөз. Орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылған ауылдық елді мекендер үлесі 83%-тен 85%-ке жетеді.

Кешенді жоспардың арқасында көлік инфрақұрылымында да көп ілгерілесу болмақ деп тұр. Төрт жыл ішінде 89 жоба бойынша жалпы ұзындығы 858 шақырым жол жөнделеді. Бұған жоспарға сәйкес 45,2 млрд теңге қарастырылған. Нәтижесінде облыстағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы қанағаттандырылмай жағдайы 60%-тен 72%-ке артады. «Бай болғын келсе, жол сал» дегендей, аймақтағы автокөлік жолдары сапасының артуы, өңір экономикасының алға басуына үлкен ықпал ететін сөзсіз.

Жоғарыда келтірілген жобалар Кешенді жоспарға енгізілген ауқымды шаралардың бір бөлігі ғана. Өзге де салаларда көптеген жұмыс жүзеге асырылады. Төрт жылға бөлінетін қаржы – 219,7 млрд теңге. Демек, көп жұмыс жасалады. Шын мәнінде алдағы міндеттің ауқымы өзінің осы кезге дейін жеткеніне өткізіліп отыр. Бұл Қызылорда облысының кемелдену кезі деп бағалаған жөн.

Өңір «Эко-әкімдік» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды деп хабарлайды облыс әкімдігінің баспасөз қызметі.

5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні қарсаңында «Қазақстанның экологиялық Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі «Экология және жасыл экономика көшбасшысы» ұлттық байқауын жариялаған болатын.

## Ұлттық байқау жеңімпазы



«Байқау қорытындысы бойынша экологиялық заңнаманы өңірде жоғары деңгейде орындауға жағдай жасап, экологиялық және волонтерлік ұйымдарға аймақтың экологиялық мәселелерін нақты шешуде көмек көрсеткені және Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасында индикаторларын өңірлік деңгейде сапалы орындағаны үшін Қызылорда облысының әкімдігі «Эко-әкімдік» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды», – деп хабарлады облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Айдар Абдуалиев.

Айта кетейік, Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы 2018 жылдың 10 қыркүйегінен бастап табиғатты қорғау бастамаларын қолдайтын, сондай-ақ «жасыл технологияларды» қолдануға байланысты жобаларды іске асыратын ұйымдар мен азаматтар арасында «Экология және жасыл экономика көшбасшысы» байқауына қатысуға өтінім қабылдау басталғанын жариялаған еді.

Байқау қорытындысымен 7 номинация бойынша жеңімпаздар таңдалды: «Эко-әкімдік», «Эко-кәсіпкер», «Эко-кәсіпорын», «Эко-ҰЕҰ», «Экокеме» және «Экоұлға» (әр номинация бойынша үш жеңімпаз анықталды). Іріктеудің басты шарттары жүзеге асырылған іс-шаралар мен жобалардың халық пен жер үшін тиімділігі мен пайдалылығы болып табылады.

«СБ» ақпарат.

Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Назарбаев өткен жылғы «Қазақстанның әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында «Сыбайлас жемқорлықтан ада өңірлер» жобалары аясында елорданың жемқорлыққа қарсы стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі тәжірибесін өңірлерге тарату керектігін баса айтқан болатын. Осы орайда, аймақта «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі ашылып, өз жұмысын бастап кетті.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

## Адалдық алаңында жаңа формат

Жергілікті салалардағы кемшіліктер мен атқаруға тиіс жұмыстарды сараптауды қолға алған жобалық кеңсесі бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы БАҚ өкілдерімен болған басқосуда облыс әкімінің орынбасары, «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің кураторы Руслан Рүстемов баяндап берді. Жиын ашық әңгіме форматында өтті.

– Жобалық кеңсесінің жұмысы ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті және «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығымен бірлесіп атқарылады. Бүгінде жоба аясында халықпен тығыз байланыс жасалатын 10 сала белгіленіп, тұрғындарға көрсетілетін қызметтердің сапасы мен деңгейіне қоғамдық бақылау жасаудың кестесі бекітілді. Қазір «бір ай – бір сала» қағидаты бойынша жұмыстар ұйымдастырылады, – деді Р.Рүстемов.

Ашылғанына аз уақыт болса да жобалық кеңсе медицина саласы мен халыққа мамандандырылған қызмет көрсету орталықтарында болып, біртұтас кемшіліктерді анықтаған.

– Медицина ұйымдарына жүргізілген мониторинг барысында 50-ге жуық күмәнді №086/У медициналық анықтаманың берілгендігі, жалған мөрі бар санитарлық кітапша әзірлеудің бір фактісі анықталып, құжаттар Ұлттық бюро департаментіне жолданды. Сондай-ақ, медициналық квота беру мәселесінде де зерделеу жұмыстары жасалай, біршама келерліктер жойылды. Мемлекеттік сатып алуға байланысты да мәселе бар, – деді «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің жетекшісі Жандос Тұсмағанбетов.

Жалпы жоба аясында қызмет беруші мен қызмет алушының арасындағы тікелей байланысты болдырмау үшін халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтер электрон-ды форматқа көшірілуде. Мәселен, педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау барысында жемқорлыққа жол бермеу мақсатында Сырдария ауданы мен Қызылорда қалалық білім бөлімдері базасында «jumpy.siten.kz» электронды жүйе қолданьса енгізілді. Бұл қызметкерді жұмысқа қабылдауды электронды түрде ашық, әрі әділ түрде жүргізуге мүмкіндік беретін көрінеді. Жүйе арқылы салынған бос жұмыс орындарының мәліметі мен конкурс нәтижесі ебке.kz сайтында жарияланып отырады. Жүйенің тағы бір ерекшелігі, жана вакасия жарияланады, өтініштер орталықтандырылып, жұмыс іздеушілердің деңгейі тест арқылы тексеріліп, конкурстық комиссия негізінде әңгімелесу енгізіледі. Әңгімелесу кезінде қазылар мүшесі де жүйе таңдайды, жұмыс сұраушының ұялы телефонына әңгімелесу өтетін орын мен уақыты хабарлама арқылы жіберіледі. Ең бастысы, барлық кезеңнен өткен соң жеңімпазды да осы жүйе анықтайтын болады.

Жиын барысында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаментінің басшысы, «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің тең кураторы Абзал Мұхимов пилоттық жоба аудандарда да жүзеге астынын, бүгінгі күні түсіндірме жұмыстарының жүргізіліп жатқандығын жеткізді. Сонымен қатар, жобалық кеңсесінің мемлекеттік органдар мен ұйымдарда ашықтықты қамтамасыз ету және әкімшілік кедергілерді болдырмауға бағытталған «Орен спасс» форматына көшкендігін сөз етті.

Айта кетейік, жемқорлыққа қарсы қадайдя бір жағдай, не ұсыныс-пікір, сұрақтар тыңдасқа, кенеске тікелей келіп не желідей парақшаларына жазып қалдыруға болады.

## Ел іші – алтын бесік

Мұндай қайырымдылық игілік басқа аудандарда да қолға алынып жатыр. Соның бірі – Қазалы. Бұл ауданда да Ораза айт қуанышымен қоса тұрмысы төмен, көпбалалы отбасыларға қайырымды жандардың қолдауымен салынған тұрғын үйдің кілті табысталады.

Осы қуанышқа ортақтаса келген аудан әкімі Мұрат Ерғешбаев қайырымдылық қазақтың қанына синген асыл қасиет екенін атап өтіп, «Асыл Иман Ихсан» қайырымдылық қорының бөлесінді азаматтарына алғыс айтты. Сондай-ақ, әкім жыл басынан бері аудан көлемінде де түрлі қайырымдылық іс-шаралары ұйымдастырылып, көмек көрсетіліп жатқанын тілге тиек етті.

– Біз ертеден-ақ көмекке мұқтаж адамға қолдау көрсетіп, қайырымдылық жасаған, жетім мен жесірін жылатпаған халықпыз. Қазір де ата-баба дәстүрінен таңбай, аудан көлеміндегі тұрмысы төмен отбасыларға, жетім-жесірлер мен мүмкіндігі шектеулі жандарға

хаттарымен» марапатталды.

Айта кетейік, бес отбасыға арналып салынған тұрғын үйдің құрылысын аудандағы «Жанқожа батыр» атындағы мешіттің жамағаттары құрған «Асыл Иман Ихсан» қайырымдылық қоры жүргізді. Қорға «Жанқожа батыр» орталық мешіті жамағатымен қатар, аудандық облыстық мәслихат депутаттары, аудан кәсіпкерлері қолдау көрсетіп, демеушілік жасаған. Қорға жиналған 10 млн теңгеге жуық қаржының есебінен аудан орталығы Өйтеке би кентінен жалпы көлемі 1000 шаршы метр жер учаскесінен 5 отбасыға арналып тұрғын үй салынды. Бірнеше айға созылған құрылысқа көптеген азаматтар көмектесті. Тұрғын үйге электр энергиясы, ауыз су, ыстық су, газ және жүйелері жүргізіліп, қажеттіліктердің барлығы жасалған.

Тұрғын үйге ие болғандардың бірі – он бір баланың анасы Перизат Өтжан: «Қайырымды



ел-халық тарапынан қайырымдылық көмектер көрсетіліп келеді. Мәселен, ауданда жыл басынан бері тұрмыстық жағдайы төмен 2300-ге жуық отбасыға 6 млн 873,2 мың теңгенің көмегі көрсетілді. Сондай-ақ, жанашыр жандардың қолдауымен біртұтас отбасыларға азық-түлік пен киім-кешектер алып берілді, – деді ол.

Ал, Қазақстан мұсылмандар Діни басқармасының Қызылорда облысы бойынша өкілі Болатбек Ұласқан киналғандарға қол ұшын созып, жанашырлық танытқан қайырымды қазалықтарға ризашылығын білдірді.

Мұнан соң жаңа салынған тұрғын үйдің кілттері тұрғындарға салтанатты түрде табыс етіліп, біртұтас қайырымды жандар «Жанқожа батыр» атындағы орталық мешіт пен «Асыл Иман Ихсан» қайырымдылық қорының «Алғыс

жандарға, оларға қолдау танытып отырған ел ағаларына мың алғыс. «Ел іші – алтын бесік» деген, қаншама мұқтаж жандарды қуанышқа кенелткен ата дәстүрді ардақтанған азаматтар барда, ешкім де кемдік көрмейді» деп ағынан жарылды.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іскерлікпен атсалысып – шынды патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық қодының негізі» – деген болатын.

Шын мәнінде бүгінгі ұрпақтың мәдени-генетикалық қодын іздеуі қуантады. Бұл игі қадамда «Рухани жаңғырудың» ұрпақты ұлттың сүюге, ұлы санаға оралуға үндген маңызды міндеттерді алға тартуының әсері зор болып отыр.

### БРИФИНГ

Атаулы әлеуметтік көмек беру аядағы уақытта да жалғасын табады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Ысқақов мәлімдеді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

## Әлеуметтік көмек тұрақты беріледі

Бүгінгі таңда облыс бойынша 35 мыңнан астам көпбалалы ана бар. Ал көмелет жасына толмаған 4 және одан көп баласы бар отбасы саны 18 мыңнан асады. Арнайы құрылған комиссия ауылдағы көпбалалы аз қамтылған отбасыларды аралап, оларға ең бірінші кезекте қандай көмек керек екенін анықтайды. Бүгінде 20 мыңнан астам отбасының тұрмыстық жағдайы зерделеніп, әлеуметтік карта жасалуда.

– Қазіргі уақытта әлеуметтік желілерде ҚР Президенті сайлауынан кейін атауды әлеуметтік көмек төлеу тоқтатылады деген алыпқашпа әңгімелер таратылауда. Бұл – жалған ақпарат, – деді Қ.Ысқақов.

Облыс әкімі орынбасарының айтуынша, 1 сәуірден бастап өңірмізде атауды әлеуметтік көмекке 40285 отбасы жүгінді, 19721 отбасынан өтінім қабылданып, 20564 жаңаға қенес берілді. Сәуір айында 16193 отбасындағы 79004 адамға 2,1 млрд теңге атауды әлеуметтік көмек берілді. Мамыр айында 6755 отбасының өтініші қабылдана, 4332 жаңаға атауды әлеуметтік көмек тағайындалып, оларға 189,4 млн теңге төленді. «Қазір маусым айы үшін төлемдер жүргізіліп жатыр. Ол 20 маусымға дейін 100 пайыз төленетін болады», – деді аймақ басшысының орынбасары.

– Биылғы жылға атауды әлеуметтік көмек көрсетуге бюджеттен 9,6 млрд теңге қаражат бөлінді. Республикалық бюджеттен қосымша 5,2 млрд теңгеге сұраныс берілді, – деді Қуанышбек Ысқақов.

Ақпан айында «Nur Otan» партиясының XVIII съезінде Елбасы мұтедек бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қамқоршылар мен отбасыларға жәрдемақыны 30 пайызға көтеруді тапсырған болатын. Ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап 5529 мұтедек бала тәрбиелеп отырғандардың жәрдемақы мөлшері 31183 теңгеден 40538 теңгеге артты. Бұл үшін қосымша құжат рәсімдеу қажет емес, төлемдер автоматты түрде көбейеді. Жәрдемақы әр айдың 1-15 аралығындағы жұмыс күндері төленеді.

Мамыр мен қыркүйек – араның бал жинайтын уақыты. Бұл уақытта сол титтей жөндікті бағалай баптап күткендерге тыным болмайды. Соңғы жылдары омарташылықпен айналысушылар саны артып келеді. Жасында осындай тын кәсіпке жүрексіңбей барып, шаруасын дөңгелетіп кеткен омарташы Сырдария ауданы, Шаған ауылының тұрғыны, зейнеткер Мұрат Жартыбаев ағамызбен жүздесудің сәті түсті.

Шынар БЕКБАН.

Өзінің бұл кәсіппен айналысқанына он екі жылға жуықтап қалған. Айтуынша, омарташы болу оңай емес. Өйткені ол араларды күтіп-баптаудың ерекше тәсілдерін меңгеруі тиіс. Сондай-ақ, бұл кәсіп ұқыптылық пен ұстамдылықты талап етеді.

Алғашында бұл істі Александр деген танысынан естіген Мұрат аға ойлана келе бал арасын өсіруді қолға алады. Оның айтуынша, істі омарта орналасатын орынды таңдаудан және қажетті құрал-жабдықтарды сатып алудан бастау керек. Оған арналған жер телімі желден жақсы қорғалған, құрғақ аумақта болғаны дұрыс. Омарташы айналасында орман немесе ағаш шоғырларының, бау-бақшалардың, аралар бал тарта алатындай гүлдер мен шөптер өскен далалық аумақтар қажет екені белгілі. Омарташы орналастырған кезде ара

## Омарташы болу оңай емес

көрінеді. Осы кезеңде түрлі-түсті шөп өсетін алқаптарға көшіп-қонып жүруге тура келеді.

Гүлден гүлге қонып, нәр жинап жүрген араның еңбекқорлығы ересен. Тіршілігіне мән бергенің, темірдей тартікке бас несіз. Аралар үлкен отбасы болып тіршілік етеді. Омартада аналық, аталық, жұмысшы, күзетші аралар қалыптасқан белгілі заңдар мен ережелерге бағынады. Өрбір ара өзінің міндеттерін мұлткізсіз орындайды. Гүлдерден бал жинамаған араны күзетшілер омартаға кіргізбей қоятынын білетін бе едіңіз? Оларға да жатып ішер, бойкүйездер керек емес.

Бір қызығы, аралар өте сезімтал және кірпіз болатын көрінеді. Тазалықты сүйеді. Сондықтан ара ұтасаныңыз, омартаңың мұнтаздай таза болуына мән беру керек. Үнемі ыждағаттап тазалап, мұқият қадағалағанда ғана сапалы өнім аласыз.



Олардың ұясына да, өздеріне де сақтықпен қарау керек. Мәселен, аналығын бөлек орналастыру қажет екен. Көп өнім жинау араның денсаулығына, ауа райының жақсы болуына да байланысты.

– Ара 2 жылда қартайды. Аптасына екі мәрте оларды тексеріп

тұрамыз. Кейде араның желкесінде көзге көрінер-көрінбес майда кенелер байқалады. Кене тұскен ара аурушан келетінін ұмытпаған дұрыс. Кейде қанатын қайырып алатын аралар да кездеседі. Негізінен бал арасының 40-50-ге тарта ауруы бар. Сондықтан олардың денсаулығына да мән берген дұрыс, – дейді омарташы.

Күзде аралар біртүгелдей ұяларына кіреді. Негізінен 5-6 градус салқындықты, қарды көтере алмайды. Оның үстіне олар қыста тын әлсіз болады. Ұйқыдағы аралардың қысқы азығы – өз өнімі.

Омарташылар алғашқы балды мамыр айының соңына қарай, одан кейін жантақ гүлдегенде жинайды. Өр аймақтың балы жеріне, өсімдікке байланысты әртүрлі болады. Бүгінде таза әрі пайдалы өнімге жан-жақтан тапсырыс көп. Ауыл, қала тұрғындарынан бөлек, Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларынан да балға сұраныс артып тұр. Бағасы да қалтаға тиімді.

Араны қарауға көп шығын кетпейтін, тек еңбекті қажет ететінін түсінген Мұрат ағаның ұлы Дәулет әке кәсібін қолға алғалы жүр.

Сырдария ауданы.

ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

# Арыстан баб. Отырар мен Ақиректің арасы...



Қасиетті Рамазан айында «Сыр медиа» ЖШС қызметкерлерінен жасалған топ Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында Сыр бойындағы киелі жерлермен танысып, насихаттауды қолға алды. Алдымен сапар басын Отырар ауданындағы Арыстан бабтан бастауды жөн көрдік. Күн ұясына қонар шақта Түркістан қаласына келіп кірдік. Облыс статусын алған ежелгі қалада құрылыс қарқынды жүріп жатыр екен. Қала сыртына Отырар ауданына түсер автожолға дейінгі біздің байқағанымыз осы болды. Одан соң 50 шақырымнан әрі жатқан Шәуілдірдегі Арыстан бабқа қою қараңғылықта жеттік...

Ержан ҚОЖАСОВ.

## Әуелі аңыз ізімен...

«Арыстан баба түне, Қожа Ахметтен тіле» деген сөзді сіз де естігенсіз. Аңыз бойынша, Алланың елшісі Мұхаммед (с.ғ.с) 63 жасында дүниеден өтті. Дүние саларында «кім менің аманатымды алып, ісімді әрі жалғар екен?» деген өтінішіне Арыстан баб жауап берді. Ол 30 түрлі дінді білген, бірақ тек исламға мойынұсынған адам екен. Бабтың келімін алған Мұхаммед (с.ғ.с) Алланың қалауымен аманатын осы кісіге берді. Содан көп жыл өткен соң иен далада келе жатқан Арыстан баба жеті жасар бала: «Ата, аманатымды беріңіз» дейді. Сол бала Қожа Ахмет екен. Бұдан шығатын түйінді халықтың өзі айтады. Қожа Ахмет Мұхаммедтің (с.ғ.с) ісін жалғастырушы болса, Арыстан баб – оларды байланыстырушы деген ұғым көпшілік санасына орныққан.

«Жұрт жыр қып айтатын аңыздың тарихта түрлі нұсқасы бар. Қиссаға құмар көпшіліктің көкейінде бұл сайран тұр. Қожа Ахмет Яссауи жайлы тарихи дерек те жетерлік. Алайда ұстазы Арыстан баб турасында мәліметтер көп емес. Біз көбіне ел арасында тараған әнсағана сүйенеміз. Мәселен, оның жеті жайы жайлы айтылатын әңгіме бар. Арыстан баб өмірден өткенде оның мәйітін жер-жерден жиналғандар өз еліне алып кетпекке талас жүреді. Ақыры бір мәміле болмаған сынайлы. Құдайдың күдіретімен мәйіт жеті бірдей мүрдеге айналыпты. Міне, сол жеті мүрденің екеуі Қазақстан жерінде екен.


– Аңыз бойынша, әулиенің жер жүзінде жеті жайы болса, соның екеуі осы Қазақстанда. Аралдың Ақирекінде жатқан әулиенің орнын да жергілікті жұрт қатты әспеттейді. Біреуі Қырғызстанның Жалалабад қаласында, Иранда екі жайы бар. Мекке-Мәдинада бір мазары болса, сосын Израильдің Тель-Авив қаласынан елу шақырым жерде бабаның осындай қасиетті орны кездеседі, – дейді жолсапарға бірге шыққан белгілі ғалым, әдебиеттанушы Серікбай Қосанов.

## Отырардан не көрдік?

Арыстан баб кесенесі Түркістан облысындағы Отырар ауданында, атақты компо-

зитор Шәмші туған Шәуілдірге жақын орналасқан екен. Бұл кесене XI ғасырда өмір сүрген діни көрікел Арыстан баб бейітінің үстіне салыныпты. Біз көрген Түркістан жеріндегі бабтың кесенесі кітапхана, намаз бөлмесі, тілеухана, азан шақыратын мұнара сияқты жеке бөлмелерден құралған. Әулиенің жанында өзіне шексіз қызмет еткен шәкірттері жерленіпті.

– Бұл кісінің екі сахабасы болған. Оң жағында Лашын



Отырардағы Арыстан баб кесенесі.



Ақиректегі Арыстан баб қорымы.

баб, сол жағында Қарға баб жатыр. Ал одан берірек жерленген Шерімбет Әззер деген бабамыз бұл жерде имам болған. Мұнан өзге Құрбан ата мен қазақ руханиятына еңбегі сіңген, Түркістандағы тайқазанды Ресейден алдырған атақты Өзбекәлі Жәнібековтің мазары да осында. Сонымен қатар, 2016 жылы Шам шахарында жатқан (қазіргі Сирия) атақты ғалым Әбу Насыр әл-Фараби мен Мысырды билеген қазақ Сұлтан Бейбарыстың басынан топырақ келініп, осында қойылды, – дейді Арыстан баб кесенесінің шырақшысы Шоқан Уәлиханов.

Бір қуанарлығы, баба кесенесіне келушілер легі толассыз екені көзге көрініп-ақ тұр. Зәулім мешіт пен түрлі қонақжай, сырттан келгендерге дайын асхана, мұның барлығы жол бойы тізбектей орналасқан. Әрине, барлығы тегін емес. Мұнда еміне шипа іздеген де, өзіне нұрлы жол тілеген де, саби үніне зар болғандар да, тіпті, күннен қорғар теплегі мен жылтырақ көзілдірігін таққан ұлты бөлек, өзге діндегі туристер де қаптап жүр. Бұның бәрі сол жол бойында, жоғарыда айтқан қонақ үй мен дәмханалардың саудасын әбден қыздырып тұр.

Өз басым, жол бойы осы онтүстік өңірдегі киелі бабалар

басына келушілердің неге басымы екеніне жауап та іздедім. Ең бастысы, мұндағы әр тарихи орынға инфрақұрылым жағынан көп жағдай жасалған. Су да, газ да, жол да жетіп тұр. Жарық көзі барлық жерге тартылыпты. Самсаған кәсіпкер сізге қажеттінің бәрін осында орналастырыпты. Тек, сіз аруақ жолына іштей дұғанызды тілеп келе бересіз. Тіпті, құрбандыққа шалар малды осыннан таба-сыз. Айттып отырғанымдай, көп дүкен мен дәмхана сізді осылай қарсы алады. Өз елімізден де, сырт мемлекеттен де келетін туристердің осы аймаққа жиі соғатыны да осы.

## Ақиректегі Арыстан бабтың жайы қалай?

Хош, біз бұдан бөлек Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне соғып, ежелгі қала Сауран мен Сығанаққа да аялдадық. Бұдан бөлек, Шилеліде орналасқан үлкен зиярат кешеніндегі бабалар рухына құран бағыштадық. Мұнда қазақтың жеті әулиесі, сөзге шешен датқалары, батыр-



лары жатыр. Экспедиция барысында осы әулиелер мекеніне де бас сұғып, бабалар рухына тағзым еттік. Бұл жайлы алда тарата жазамыз. Ендігі сөзді Аралдың Ақбай ауылына жақын орналасқан Арыстан бабтың тағы бір жайына бұрсак.

«Онда барсаңыз, сізге ең алдымен Ақбай ауылының дәл іргесінен көлбеуден Ақирек тауы көрінер еді. Ақирек десе дегендей-ақ, ауыл сыртын иректеле орныққан. Осы тауда Арыстан бабтың бір жайы бар дегеніңізге көп адам анық сене бермейді. Себебі, насихатталуы тым аз. Көнекөздер бұл тоңірек бұрын теңіздің орны дейді. Айтпақшы, Түркістан облысынан кейінгі сапар осы Аралға қарай жалғасқан еді. Халық білетін аңызда айтылғандай, мүрде арқан түйенің шөккен тұсына біз де бардық. Арыстан бабтың мәңгілік мекені бір кездері теңіз толықны ұрған Ақиректің бір төбесіне салыныпты.

Мұндағы әулиенің басы қарапайым ақ таспен қоршалыпты. Қорым басында бабаның төрт

– 1962 жылы шешеме еріп осында келгенім бар. Шешем бала тұрақтамай, 10 баладан кейін осы баба басына түнеп, сұрап алған ұл мен едім. Атымды да Жайық қойсын деп аян берген де осы баба. Ол кезде бейіті тізеден ғана келетін осы таудың ақ тасымен қоршалған, үсті сексеуілмен жабылған. Ақтобенің Темір ауданынан бір молда келіп, 1976 жылы бейіт басын көтеріпті. Бұл жерде Кішкененің Құрманайынан үш шырақшы, Әйдәрбектің Алтынбайынан үш шырақшы болған. 1997 жылы ауыл ақсақалдарының қолқасымен осында келдім. Бұл аманатты атқару үшін Қызылордадағы «Айтбай» мешітінен арнайы діни дәріс алып қайттым, – дейді шырақшы Жайық ағамыз.

Иә, қазақ әулие-әнбелердің, батыр тұлғалардың бейітін ешқашан қараусыз қалдырмағаны рас. Киелі жер деп қастерлеп, басына шырақшы сайлаған. Тіпті, бұл ертеде мемлекеттік деңгейдегі мәселе де болыпты. Мысалы, Сырдың бойында Шірік-Рабат деген шаһар бар. Кейін археологтар қайта қорытынды жасап, бұл қала емес, ескі қорымдардың орны деген тұжырымға келді. Енді қараңыз. Әлгі қорымдардың сырты бірнеше айнала қорғандармен қоршалған екен. Тіпті, арнайы қаруланған әскерлер тұратын орындары бар болып шығады. Бүгінгі бекініс не үшін қажет болды? Археологтардың түсіндіруінше, ежелгі сактар балаларының бейітін жаудың талқандауын өздеріне намыс санаған.

Байқасаңыз, бабалардың мәңгілік мекенін қастерлеу ұғымының жібі үзілмей бүгінге дейін жету сырының бір ұшығы осында. Бүгінгі бет сипамай бейіт жанынан өтпейтін қазақтың әдеті, ата-баба аруағына деген құрметі сан жылдар өтсе де санада тұр. Ал шырақшыларды сол өткен мен бүгіннің арасындағы рухани байланыстың дәнекері деп те айтсақ артық етпес.

мақтаумен «арыстаным», «бабым» деп арқасынан қағыпты деген де әңгіме бар. Арыстан баб аталуының бір тарихы да осы болса керек. Ал қазіргі күні ғалымдар пікірі де екіұдай болып отыр. Тіпті, Салман әл-Фарси мен Арыстан бабтың екеуі екі бөлек тұлға деп қарастыратындар да бар.

«Байқасаңыз, жоғарыда айтқан аңыз бен шырақшының сөзі де бір-біріне ұқсас. Ұқсамайтыны басқа. Отырарда көрген баба кесенесі басындағыдай келушілер жетерлік. Қыс айларында сирейтіні болмаса, жаны қысығанда әулиелен медет сұрап келетін пенделерден бөлек, ислам дініне мойынұсынған мұсылман атаулының қарасы мұнда да мол. Көзбен көрген тағы бір нәрсе, «Батыс Қытай-Батыс Еуропа» жолына он шақырым ғана қашықтықта жатқан қасиетті жерге барар жолға көңіл шіркіннің қоншпағаны рас. Адам түглі, көліктің жоғары қарай өрлеуі қиын. Бұл – бір. Екіншіден, Ақбай ауылына жақын орналасқан баба қорымының басына бүгінге дейін электр жарығы тартылмапты. Айтпақшы, баба басындағы түнеуханалардың көбіне жергілікті жұрт асарлапты тұрғызғаны және бар. Жергілікті жұрт бабаның мейір-шапағатын тисін деген себеппен киізін басып, төріне іліп, көрсе-төсегін қалындау етіп төсеп, келушілер пайдаланатын ыдыс-аяғына дейін молынан қойыпты. Мұндағы қиындық ауыз судың тапшылығы. Демеушілер мен қайырымды жандардың қолғабысымен қолдан құйылған тас құдыққа су кейде жетіп, кейде жетпей жататыны көпшіліктің тауын шағатын мәселе.

## Сөз соңы

Шынында, осындай жетіспеушілік болғанымен, қасиетті жерге барар адам қарасы көп екенін жана да айтып өткенбіз. Әдетте, зиярат етуге ниет еткен азаматтар рухани астанамыз – Түркістанға жақын орналасқан Отырар төріндегі Арыстан баб кесенесіне арнайы ат басын тіреуге тырысатыны рас. Әрі ондағы арасы жиі шоғырланған киелі орынның көптігі де себеп шығар. Бірақ, жергілікті жұрт Ақиректе жатқан Арыстан баб жайлы аңыздың түпкі негізіне сеніп келеді. Біз көргеніміз бен түйгенімізді саралай келе, баба жатыр деген сенімдегі қос мекеннің ахуалын қаз-қалпына беруге тырыстық. Енді осынау киелі мекенді гүлдендіріп, туризмнің дамуына дем беруге болмаса па?! Бұл Елбасы көтерген рухани жаңғыруға үн қосатын игілік, шын мәнінде.

«Түйін. Бұған дейін атқарылған жұмысты да жоққа шығара алмаймыз. Біздің ежелгі кесенелер мен көне қалалар орны өзгелер тамсанатын Рим, Мысыр, Қытай өркениеттерімен ықпал тіреспі, шежірелі тарихтан сыр шерте алатыны анық. Барлық құнды жәдігер мемлекет бақылауына өтіп, қамқорлыққа алынды. Бұны ұлт мұрасына адалдық танытып, көне тарихымызды жаңғыртуда атқарылған көптеген нәтижелі істің арқасы деп білеміз. Ал Арал топырағына табанын тие бере дәл алдыңнан көрінер Арыстан баб әулиенің кесенесі мен жан-жағын көркейтуді тиісті орындар назарға алса, мұндағы ат басын тіретін ағайынның қарасы тіпті көбейді деген сенім зор.

Қызылорда-Түркістан-Отырар-Арал-Қызылорда. Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.



# ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ

## ӨНЕРКӘСІП

### «БАЙҚОҢЫР» АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҒЫН ҚҰРУ

#### ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

- «Крайний» әуежайы және «Юбилейный» әуеайлағы
- «Магистраль» т/ж
- «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» автожолы

#### Ғарыштық туризм

- Қонақ үй кешендері
- Имитациялық ойын-сауық орталықтары, тұражайлар

#### Ғарыш өнеркәсібі

- Ғарыш кемелерінің құрамдас бөліктерін және басқа да өнім шығаруға бағытталған өндірістер құру
- Ғарыш портының жобасын әзірлеу және іске асыру, халықаралық консорциум құру

## ИНЖЕНЕРЛІК - КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ

Электрмен жабдықтау

**9,7** шақырым

Сумен жабдықтау және су бұру

**24,2** шақырым

Жылумен жабдықтау

**2,4** шақырым

Газбен жабдықтау

**1,6** шақырым

**Барлығы: 37,9 шақырым инженерлік желілер**

## АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ

### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ АЛҚАБЫН ӨРТАРАПТАНДЫРУ, мың га

20 мың га

7,2 мың га

60,7 мың га

78 мың га

Майлы дақылдар

Мал азықтық дақылдар

### ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖОБАЛАР

Қызылорда қаласында қуаты 5 мың тонналық ет комбинатының құрылысы

Қызылорда облысында ет бағытындағы заманауи құс фабрикасының құрылысы

Қызанақ өсіру және қызанақ концентратын шығару бойынша өндірісін ұйымдастыру

**КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР:** Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі 2,5 есеге, өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспорты – 2,5 есеге артады

## ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

### СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ СУ БҰРУ

2019-2022 жылдары сумен жабдықтауға 28 млрд. теңге бөлінеді

Облыстың 15 елді мекенінің және Байқоңыр қаласының сумен жабдықтау жүйелері жақсарады

2022 жылға халықты орталықтандырылған сумен жабдықтау 100 пайызға жеткізіледі

## КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ

### МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ АРҚЫЛЫ БИЗНЕС ОРТАНЫ ДАМУ

#### Ағымдағы жағдай

Айналымы 2 млн. теңгеден асатын субъектілердің саны

**10 758 бірлік**

Шағын және орта бизнестің жұмыс жасап тұрған субъектілері үлесі

**85,8%**

Шағын және орта бизнеспен шығарылған өнім көлемі

**368,276 млрд. теңге**

Шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар саны

**93 040 адам**

Жалпы Өңірлік Өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі

**14,4 %**

#### 2022 жылға нәтиже

Айналымы 2 млн. теңгеден асатын субъектілердің саны

**12 000 бірлік**

Шағын және орта бизнестің жұмыс жасап тұрған субъектілері үлесі

**93,4%**

Шағын және орта бизнеспен шығарылған өнім көлемі

**398 млрд. теңге**

Шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар саны

**қосымша 3 мың адам**

Жалпы Өңірлік Өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі

**30 %**

**МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ**

## ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

### ГАЗБЕН ЖАБДЫҚТАУ

2019-2022 жылдары елді мекендерді газдандыруға 22,8 млрд. теңге бөлінеді

Облыстың 3 аудан орталығы және 7 тірек елді мекені (1 кезең) немесе 85 мыңнан астам адам табиғи газбен қамтамасыз етіледі

64%

2019 жыл

➔

70%

2022 жыл

Табиғи газға қол жеткізген халықтың үлесі 64%-дан 70%-ға артады

## КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

### Жергілікті маңыздағы жолдар ұзындығы, шақырым

Қарағанды	6 071
Ақтөбе	5 064
Қызылорда	2 435

### Қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңыздағы жолдар, %

63,5 % (ҚР-68%)

72 %

206,9 шқ.

(1546,3 шқ.) (1753,3 шқ.)

2018 ж.      2022 ж.

**КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ**

1 753,3 шақырымды жөндеу, жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы автожолдардың үлесін 72%-ға жеткізу

## ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

### Қызылорда қаласындағы ЖЭО-ын жаңғырту және кеңейту

- СТАНЦИЯ 50 ЖЫЛДАН АСТАМ ПАЙДАЛАНЫЛУДА
- Жабдықтардың тозығы жеткен және пайдалы әсер коэффициенті төмен - 28%
- ЖЫЛУ ТАПШЫЛЫҒЫ → САҒАТЫНА 100 Гкал ҚҰРАЙДЫ
- ЭЛЕКТР ТАПШЫЛЫҒЫ → 100 МВт ҚҰРАЙДЫ

- Жылу энергиясын өндіруге арналған резервтегі қазандықтың болмауы
- Елдің оңтүстігінде электр энергиясының маневрлік қуаттарының жеткіліксіздігі
- Қызылорда қаласындағы жылу қуаты сағатына 300 Гкал болатын және 100 МВт электр энергиясын өндіретін Қызылорда ЖЭО-ын жаңғырту және кеңейту қажет.

# 2019-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ ТУРАЛЫ

## ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ

2019-2022 жылдарға тұрғын үй құрылысына 32,5 млрд. теңге бөлінеді

	мың.кв.м	пәтер	млрд.тг.
<b>Жалға берілетін тұрғын үй</b>	<b>171,7</b>	<b>2 920</b>	<b>25,1</b>
Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін	68,7	1 205	9,1
Көп балалы отбасылар үшін	103,0	1 715	16,0
<b>Несиелік тұрғын үй</b>	<b>37,2</b>	<b>590</b>	<b>7,4</b>

**208,9** мың. м<sup>2</sup>  
**3 510** пәтер

**3 510** отбасы  
өз тұрғын үй жағдайларын (шамамен 17 мың адам) жақсартады

## ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ

### КӨКАРАЛ БӨГЕТІН САҚТАУ ЖӘНЕ СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІНІҢ САФАСЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

**Көкарал бөгеті** 13 км

**Күтілетін нәтижелер:**

- Көкарал бөгетін күшейту;
- су айналымын қалпына келтіру;
- судың тұздану деңгейін төмендету;
- Үлкен Арал теңізіне балықтың кетуін қысқарту;
- САРАТС-2 жобасын одан әрі іске асыру.

## ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

1. Аурулар тізімінде бірінші орынды тыныс алу жолдары аурулары алады, оған қоса бронх демікпесі ауруы өсуде, әсіресе балаларда.
2. Ас қорыту органдары аурулары орташа республикалық көрсеткіштен жоғары болып алдыңғы орынға шығуда, оған қоса өт-тас ауруларының және холециститтің өсуі байқалуда.
3. Облыста эндокриндік жүйелер аурулары, тамақтанудың бұзылуы және зат алмасуының бұзылуы орташа республикалық көрсеткіштен жоғары.
4. Облыста қан және қан үю органдарының ауруы орташа республикалық көрсеткіштен жоғары.

Қазалы ауданының Әйтеке би кентінде Орталық аудандық аурухана жанынан аудандық емхана құрылысын салу

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі шеңберінде «Қызылорда қаласында 500 төсектік көпбейінді облыстық аурухана құрылысын салу»

Қызылорда қаласында донация жоспары жылына 7000 облыстық қан орталығының құрылысын салу

Аталған іс-шараларды жүзеге асыру 2030 жылға орташа өмір сүру ұзақтығын 73,9 жасқа дейін арттыруға мүмкіндік береді

## ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ

### ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ 50-ШІ ЖЫЛДАРЫ САЛЫНҒАН ҚЫЗЫЛОРДА СУ ТОРАБЫ

**апатты жағдайда тұр**  
**автокөлік қозғалысына ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН**

#### ҚИРАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАТЕРЛЕР

- 110** мың.га СУАРМАЛЫ ЖЕРЛЕРДІ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУДЫҢ БҰЗЫЛУЫ
- 250** мың.га СУАРМАЛЫ ЖАЙЫЛМАДАРДЫ ЖӘНЕ ШАБЫНДЫҚТАРДЫ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУДЫҢ БҰЗЫЛУЫ
- 38** елді мекен ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ СУ БАСУ

## СПОРТ

**5 денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылыстары дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын азаматтардың үлесін 32 пайызға жеткізуге мүмкіндік береді** (Қармақшы ауданының Жосалы кентінде, Ақай елді мекенінде, Жалағаш, Шиелі, Тасбөгет кенттерінде)

## СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР

**Су тасқынына қарсы 12 іс-шараны жүзеге асыру жалпы саны 265 мың адамды құрайтын облыстың 38 елді мекенін тасқын судан қорғап, су көлемін қауіпсіз өткізуді жақсартады** (Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандары және Қызылорда қаласы)

## ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ

### «Күміскеткен» және «Қараөзек» су қоймаларының құрылысы туралы

**3** млрд. текше метр суды шоғырландыратын **6** жұзеге асыру жоспарлануда

**3** млрд. текше метр суды шоғырландыратын «Күміскеткен» су қоймасының құрылысы

**1,5** млрд. текше метр суды шоғырландыратын «Қараөзек» су қоймасының құрылысы

Жиыны: Жыл сайын 3-4 млрд. текше метр тасқын суларды шоғырландыруға мүмкіндік береді

## КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

2022 жылы 2018 жылмен салыстырғанда (4 жылда) Жалпы Өңірлік Өнімнің өсу қарқыны 2 трн. 062 млрд. теңгеге дейін артады.  
Жалпы Өңірлік Өнім құрылымында шағын және орта бизнес үлесі 2 жыл ішінде (2019-2020 жж.) - 20%-ға дейін, ал 2022 жылдың қорытындысымен 30%-ға дейін артады.

2022 жылдың қорытындысымен 2018 жылға қарағанда (4 жылда) ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі 2,5 есеге, өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспорты - 2,5 есеге артады.  
2022 жылдың қорытындысымен 2018 жылға қарағанда (4 жылда) ауыл шаруашылығы өнімінің экспорттың деңгейі 72%-ға жеткізіледі (2018 жыл - 63,5%).  
Қызылорда облысының барлық 7 аудан орталықтары газдандырылады.  
Жалпы адам саны 91 мыңнан асатын 32 ауылдық елді мекендер сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіледі.  
Жылу желілерінің тозу деңгейі 42%-дан 36,6%-ға дейін төмендейді.

Денсаулық сақтау нысандарының құрылысы кәсіби, мамандандырылған медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, тиімділігін және сапасын арттыруға, халық денсаулығын жақсартуға мүмкіндік беріп, тууды арттыруды, өлім-жітімді азайтуды қамтамасыз етеді.  
2030 жылға орташа өмір сүру ұзақтығы 73,9 жасқа дейін артады (2018ж. - 72,6 жас).

Дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамту 32 пайызға жеткізіледі (2018 ж. - 28,3%).

Жалпы саны 265 мың адамды құрайтын облыстың 38 елді мекенін тасқын судан қорғауы қамтамасыз етіліп, су көлемін қауіпсіз өткізу жақсарады.

АТАЛҒАН ШАРАЛАР 10 000 ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҚҰРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

# Шегіртке шығын әкелмесін

**Ауыл шаруашылығы дақылдарының басты жауы – шегіртке. Қыс бойы ұйқыда жатқан зиянкестерді ойна салыстырып «шыңжырама» егінге шығын әкелері анық.**

Айгөзүле ҚАРАПАЕВА.

Ал оның таралуын болдырмау үшін агротехникалық және фитосани-

тариялық күрес іс-шаралары уақытылы жүргізілуі тиіс. Осыған байланысты өңірде фитосанитариялық іс-шараларды дер кезінде сапалы жүргізу үшін жұмыс тобы құрылып, қызу тірілік басталып кетті. Мәселенің мәнісі облыстық аумақтық инспекциясы мен мердігер мекемелердің қатысумен техникалардың дайындығы жөнінде семинар-кеңесте кеңінен талқыланды. Сала мамандарының айтуынша, биыл италиялық прус зиянкестеріне

қарсы 48 838 гектар жер өңделетін болса, ал ерекше қауіпті азиялық шегіртке жайлауы мүмкін аумақтың көлемі 72 633 гектар болып отыр. Бұл аумақ та химиялық өлдеуден өтеді. Өңдеу жұмыстарын 5 маусымнан 30 маусымға дейін жүргізу жөнінде. Облыстық аумақтық инспекция басшысы Еркебұлан Бекжановтың айтуынша, барлық өңделетін жер көлемі 121 471 гектар.

Шегірткеге қарсы мониторинг, фитосанитариялық іс-шара жұмыстарын бірлесіп жүргізу мақсатында, көршілес Ақтөбе, Қарағанды және Түркістан облыстарымен ынтымақтастық келісім-шарт жасалды. Биылғы ауа райының ылғалдылығы мен салқын болуына орай зиянкестер «ұйқысынан» кеш оянууда. Олармен күрес әдеттегіден 10-12 күнге кеш басталуы себебі де сондықтан. Қазіргі уақытта «РФДжБӨО» РММ облыстық аудандық филиалы мамандары зиянды

және ерекше қауіпті организмдердің дернәсілдеріне қарсы көктемгі-жазғы мониторинг жұмыстарын жүргізуде. Инспекция тарапынан оған бақылау жасалауда, – деді Е.Бекжанов. Семинар барысында аудан басшылары атқарылған жұмыстар есебін беріп, өңірде қалыптасқан мәселелерді ортаға салды, ұсыныстарын білдірді. Зиянкестермен қарсы күресу үшін қажетті техникалар әр ауданға үлес-тірілді.



# ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

ҚАЗАҚСТАН	Сәрсенбі, 12 маусым	5:25, 12:00, 16:00, 19:00, 23:10, 2:10	9:00 «Абысындар» 9:40, 17:10 «Қайран күндер» 11:35, 1:20 «Армай joba» 12:10, 19:40 «Қызыл алма» 13:10, 1:45 «Qyzyq eken...» 14:00, 20:40 «Гүлпері» 15:00, 23:45 «Shańyraq» 16:15, 3:05 «Әзілман» 21:40 «Qaiyry kesh, Qazaqstan!» 23:15, 3:50 «Arasat maidany»	14:10 «Nur bullin» 16:00 «Келін де адам» 18:00, 1:50 «Masele» 18:35, 4:00 «Тұлға» 19:00, 2:30 «Minber» 21:30 «Azil alemi» 23:00, 3:15 «Dara job» 23:45 «Arnan балалары» 1:25 «Arnai joba»
<p><b>Дүйсенбі, 10 маусым</b></p> <p>5:05 «Көшпенділер» 5:25 «Masele» 6:00 «Таңшолпан» 9:00 «Абысындар» 9:40, 17:10 «Қайран күндер» 10:40, 2:40 «Арпа» 11:40 «Тұлға» 12:00, 16:00, 19:00, 23:10, 2:05</p> <p><b>Сейсенбі, 11 маусым</b></p> <p>5:05 «Көшпенділер» 5:25, 12:00, 16:00, 19:00, 23:10, 2:20</p> <p><b>Жұма, 14 маусым</b></p> <p>5:05 «Көшпенділер» 5:30, 12:00, 16:00, 19:00, 23:55, 2:30</p>	<p><b>Сәрсенбі, 12 маусым</b></p> <p>5:05 «Көшпенділер» 5:25, 12:00, 16:00, 19:00, 23:10, 2:30</p> <p><b>Бейсенбі, 13 маусым</b></p> <p>5:05 «Көшпенділер»</p>	<p><b>Жұма, 14 маусым</b></p> <p>5:05 «Көшпенділер» 5:30, 12:00, 16:00, 19:00, 23:55, 2:30</p>	<p><b>Сенбі, 15 маусым</b></p> <p>5:05 «Ақпарат» 5:40 «Qyzyq eken...» 6:30 «Айналайын» 7:30 «Сәлем, Қазақстан!» 9:35 «Перизаттар: Қысқы орманның құпиясы» 10:50 «Іірім. Ана қадірі»</p>	<p><b>Жексенбі, 16 маусым</b></p> <p>5:05 «Qaiyry kesh, Qazaqstan!» 6:25 «Айналайын» 7:45 «Сәлем, Қазақстан!» 8:35, 2:20 «Ақсауыт» 9:00 «Қоныраулы қала» 10:00 «Келін де адам» 12:00 «Оралу немесе америкалық мырза» 14:15 «Ұлттық арнада - ұмытылмас өңір» 15:30 «Koñildi tarqyrlar alaly» 17:20, 2:45 «Bey» 19:00, 0:35 «Arpa» 20:00 «Azil alemi» 21:40 «Қыз отызға толғанда» 23:35 «Uly dala sazuy» 1:35 «Masele».</p>
<p><b>QYZYLORDA</b></p> <p><b>Дүйсенбі, 10 маусым</b></p> <p>8:00 «Үшпаған» 9:45, 22:25 «Тігіншілер» 10:50 «Сыр жұлдыздары» 12:00 «Танғажайып табиғат» 12:40 «Зангер кеңесі» 13:00, 17:00, 21:30 Жаңалықтар 13:25, 17:30, 22:00 Новости 13:45 «Жана күн» 18:00 «Астана - махаббатым менің» 19:00 «Өмірдің өзі...» 20:00 «Мәртебелі мамандық» 20:20 «Отанды өшірме» 21:10 «Бәйге»</p>	<p><b>Сәрсенбі, 12 маусым</b></p> <p>8:00, 13:00, 17:00, 21:30 Жаңалықтар 8:30, 13:25, 17:30, 22:00 Новости</p>	<p><b>Жұма, 14 маусым</b></p> <p>8:00, 13:00, 17:00, 21:30 Жаңалықтар 8:30, 13:25, 17:30, 22:00 Новости</p>	<p><b>Сенбі, 15 маусым</b></p> <p>8:00 Жаңалықтар 8:30 Новости 9:00 Х/ф «Қауқарлық мың бала» 11:30 «Көктейі» 12:00 «Ұлт саулығы»</p>	<p><b>Жексенбі, 16 маусым</b></p> <p>7:35 «Сыраймен егіз сырлы әнім» 9:45 «Еңші» 10:00 «Марламқаш» 10:45 «Туған өлке»</p>
<p><b>7</b></p> <p><b>Дүйсенбі, 10 маусым</b></p> <p>8:00 «Q-елі» 8:30 Х/ф «Хоббит. Нежданное путешествие» 11:50 «Жана келін» 14:00, 2:45 «Өз ойым» 15:40 Х/ф «Пулленпробиваемый монах» 17:45 «Айнаолайын» 18:00 «Әкесінің баласы» 20:00 Лотерея 777</p>	<p><b>Сәрсенбі, 12 маусым</b></p> <p>8:00 «Q-елі» 8:30 Х/ф «Хоббит. Нежданное путешествие» 11:50 «Жана келін» 14:00, 2:45 «Өз ойым» 15:40 Х/ф «Пулленпробиваемый монах» 17:45 «Айнаолайын» 18:00 «Әкесінің баласы» 20:00 Лотерея 777</p>	<p><b>Жұма, 14 маусым</b></p> <p>8:00 «Q-елі» 8:30 Х/ф «Хоббит. Нежданное путешествие» 11:50 «Жана келін» 14:00, 2:45 «Өз ойым» 15:40 Х/ф «Пулленпробиваемый монах» 17:45 «Айнаолайын» 18:00 «Әкесінің баласы» 20:00 Лотерея 777</p>	<p><b>Сенбі, 15 маусым</b></p> <p>8:00 «Мэри и ведьмин цветок» 10:10, 0:00 «Смеяться разрешается» 14:00, 2:45 «Өз ойым» 15:40 «Роковая песня» 16:45, 22:15 «Спецотряд «Кобра 11» 17:45 «Айнаолайын» 18:00 «Әкесінің баласы» 20:00 Лотерея 777 20:05 Х/ф «Вспомнить всё» 23:20 The Эфир</p>	<p><b>Жексенбі, 16 маусым</b></p> <p>8:00 «Даша и друзья: приключения в городе» 10:10 «Дудочка крысолова» 14:00 «Әкесінің баласы» 16:30 «Бастық боламын» 19:30 «Q-елі» 20:00 Лотерея 777 20:05 Х/ф «Хоббит. Пустьош Смауга» 23:10 Х/ф «Эффект колибри».</p>
<p><b>ASTANA TV</b></p> <p><b>Дүйсенбі, 10 маусым</b></p> <p>9:00, 21:00 «Абысындар» 10:00 «Акватория» 12:00 «Саған ғана» 13:00 Күндізгі жаңалықтар 13:20 «MoneyTime» 13:40 «ТенгеманияNEXT» 14:00 «Тракторшының махаббаты» 15:00 Заттыбақ Копбосынұлының шығармашылық кеші 16:30 «Ruh.kz»</p>	<p><b>Сәрсенбі, 12 маусым</b></p> <p>16:30 «Ruh.kz» 17:00 «Қыз ғұмыры» 18:00 «№309» 19:00, 2:00 Жаңалықтар 19:30, 2:30 Жаңалықтар 22:30 «Бір туған» 23:30 «Қара нан»</p>	<p><b>Жұма, 14 маусым</b></p> <p>16:30 «Ruh.kz» 17:00 «Қыз ғұмыры» 18:00 «№309» 19:00, 2:00 Жаңалықтар 19:30, 2:30 Жаңалықтар 22:30 «Бір туған» 23:30 «Қара нан»</p>	<p><b>Сенбі, 15 маусым</b></p> <p>17:00 «Қыз ғұмыры» 18:00 «№309» 19:00, 1:30 Жаңалықтар 19:30, 2:00 Жаңалықтар 22:30 «Бір туған» 23:30 «Қара нан»</p>	<p><b>Жексенбі, 16 маусым</b></p> <p>8:30, 10:30 «MoneyTime» 8:45, 10:45 «ТенгеманияNEXT» 9:00, 21:10 «Абысындар» 11:00 Мультфильм 12:10 «Жұлдыздар айтсады» 13:30 Х/ф «Ең сұлду» 15:40 Х/ф «Әйгерім» 15:40 Х/ф «Подкидыш» 17:30 «KazNet» 18:00 «Ел аузында» 19:00 «Біздің уақыт»</p>
<p><b>7</b></p> <p><b>Дүйсенбі, 10 маусым</b></p> <p>8:00 «Q-елі» 8:30 Х/ф «Хоббит. Нежданное путешествие» 11:50 «Жана келін» 14:00, 2:45 «Өз ойым» 15:40 Х/ф «Пулленпробиваемый монах» 17:45 «Айнаолайын» 18:00 «Әкесінің баласы» 20:00 Лотерея 777</p>	<p><b>Сәрсенбі, 12 маусым</b></p> <p>8:00 «Q-елі» 8:30 Х/ф «Хоббит. Нежданное путешествие» 11:50 «Жана келін» 14:00, 2:45 «Өз ойым» 15:40 Х/ф «Пулленпробиваемый монах» 17:45 «Айнаолайын» 18:00 «Әкесінің баласы» 20:00 Лотерея 777</p>	<p><b>Жұма, 14 маусым</b></p> <p>8:00 «Q-елі» 8:30 Х/ф «Хоббит. Нежданное путешествие» 11:50 «Жана келін» 14:00, 2:45 «Өз ойым» 15:40 Х/ф «Пулленпробиваемый монах» 17:45 «Айнаолайын» 18:00 «Әкесінің баласы» 20:00 Лотерея 777</p>	<p><b>Сенбі, 15 маусым</b></p> <p>8:00 «Даша и друзья: приключения в городе» 10:10 «Дудочка крысолова» 14:00 «Әкесінің баласы» 16:30 «Бастық боламын» 19:30 «Q-елі» 20:00 Лотерея 777 20:05 Х/ф «Хоббит. Пустьош Смауга» 23:10 Х/ф «Эффект колибри».</p>	

# Әнім сенсің, туған жер!

Ол теңіз ортасындағы Ұялы аралында, бір кездері көкжал толқындар жан-жағынан асыға жететін, асыға жететін де ару жағаға жеткендеріне шаттана аспанға ақ көбік атыған күт мекенде, айматқа құс базары ретінде танылған, құстың неше атасы ұрпақ өрбітетін қасиетті Ұялы ауылында, аты аңызға айналған балықшылар мекенінде өмірге келген болатын.

Адамзат тарихындағы аса бір қаңқайлы соғыстың – II жер-жаһандық соғыстың біткеніне бес жыл толып, ел енді ғана еңесін тіктей бастаған кез болатын. Жұмыста жүрген кеңге «Әйелің қошқардай ұл тапты!» деген сүйінші хабармен бірге «Сәйдін атын өзі қойсын», – деген сәлемдеме қабағ жеткен еді, 12 мамыр күні. Қуаныштан есі шығып кеткен әке: «Қошқардай» дей ме?» дегенді қайталай беріпті. Сүйінші беріліпті, хабаршы дуылдаған көп адамның ішінен оның қайталап айтып отырған сөзін жөнді ұға алмай, «Аға! Балаң атын – Аққошқар қоймын дейсің бе?», – десе ол: «Иә, солай болсын. Құлдай аузына салған шығар» – деген көрінді.

Ее... ол да бір заман екен. Болашақ сазгер-ұстаз Аққошқар Сералиевтің балалық шағы өз тұстастары сияқты қарақоңқа қоныр тіршілік асында өтті. Қосшегендегі төртжылдық мектепті бітірген жылы Муратбай ағайлары зейнетке шықты, бұлардың әрқайсысына бір-бір дана «Халық мұғалімі» журналынан беріп тұрып: «Сендер бастауыш мектепті бітірдіңдер. Бұрынғы кезде бұл жетпауыр білім болатын. Ал, білім деген ұшан-теңіз сынды, соны түсінген, қиындығына төзе алған ғана еліміздің адал азаматы болып шығады. Сендер біздің болашағымызсыңдар, осыны есте ұстаңдар», – деген еді.

Жазғы қаниқула есіпте домбыра шерте бастады. Ұй төрінде аралдықтар түрікпен домбыра атандырған мойны ұзын домбыра ілулі тұрғанмен, әкесі оны ұстауына тыйым салған болатын. Оның да себепі бар екен, балалық құмарлық деген маза бере ме, әкесінен бірде сұрағанында «Балам, теңіз жағалай отырған елде небір керемет домбырашылар болды, ой, несің айтасың, дүлдүлдер еді ғой олар шашысына шаң жұқпайтын, көбі кешегі бір кезде ұсталып кетті. Мені Пәрімбет атты балам көрерге көз керек сымбатты, сері жігіт болып өсіп

еді. Жыр да айтатын, күй тартуы тіпті ғаламат болатын, ал он салғаны ерекше бөлек еді. Сонау жылдары біздер бірнеше жыл түрікпендер арасын паналадық, заман солай болды ғой. Сол елде оған тең келетін өнерпаз жоқ еді. Көз өтіп, он жетіге толар-толмасында өмірден озды. Айналайын, көзге түсіп, елден озбай-ақ қой, амандығын жақсы. Домбырашылық бізге жаға қоймайды», – деген болатын. Бірақ, баланың аты – бала емес пе, әке ауылда жоқ кезде домбыраны үйден алып кетіп, құмның арасына барып тартып жүріп, үйреніп алды, даусын қосып, ыңылдап ән айтып та көрді.

Бесінші, алтыншы сыныпты Ұялыда оқыған ол мектептегі көркемөнерпаздар ұжымының мүшесі болды, ауданға белгілі орденді балықшы Қашар ағасының үйінде жатып оқыды. Ол бұл кезде біраз есейіп қалған болатын, демалыс күндері балықшыларға еріп, теңізге де шығып жүрді. Ұялы аралының теңіз бетіндегі мүйісінде орналасқан Көкеріп (бір заманда сол шамшырақты жағып тұрушы Кукарев деген кісінің атымен аталып келе керек) маяғына, түнде оның жарқ-жүрк еткен өткір сәулесіне қызыға қарайтын, Ұялыдағылар сол кезде әңгімелер еді: «Е...Қайырла, шығар қарақалпақтан келе жатқан», – деп, не: «Өй, еріп! Насрадинге күн-түнін бірдей ғой, гүрлідегіп келе жатқан сол болар», – деп. Бір қызығы – сол айтқандары дәл келіп жататын, бұл болса «Үлкендер қалай дәл табады» – деп таңқалатын. Кейін есейген білді ғой даланың да, теңіздің де хабары телефон, сымсыз-ақ тез жетіп жататынын.

Ұялы территориялық жағынан Арал ауданына қарағанмен Қазалыға жақын тұста, содан бөлек теңіз тартылған кезде Көкарал, Ұялыдан көшкен көп ел Қазалы ауданына қарай көш басын бұрған болатын, бұлар да солардың сапында болды. Қазалы ауданынан Қызылқұм кеңішіне ұйымдастырылды да, ол жетінің, сегізінші сыныпты осында оқыды. Сабаққа ыншалығымен қатар, домбыра десе ишкен асын жерге қоятын ол қүйта-бақтардан күй үйреніп, біршама тосөліп қалды, мұны байқаған Сонау ағайы біраз күйлерді үйретіп, кеңшар орталығында, малшылар арасында өтетін мерекелердегі концерттерге қатыстыра бастады.

Сегізжылдық мектепті бітіргесін енді Қазалыдағы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектепке оқуына тура келді. 9 «а» сыныбында оқитын мұның домбырашылығы лезде мектепке белгілі болды. Бірде сынып жетекшісі Ақдәрі апай мектеп директоры Әбілқасым Маханов ағайдың шақырып жатқа-



ның жеткізді. Директордың кабинетіне имене енген бұған ағайы: «Ал, бала, енді Қызылордада өтетін көркемөнерпаздардың ауданаралық жарысына барсың. Талабың бар, намысты берме!» деді де телефон барлығы біреуге мұның аты-жөнін тәптіштеп айтып жатты. Ертенің белгілі домбырашы Орак Баубековтің жетекшілігімен аудандық мәдениет үйінде дайындық басталды. Сол байқаудан ол жүздемен оралды, енді ауданда өтетін мәдени шаралардың бел ортасында жүретін болды. Оның өнерпаздықпен танылуының да қажетке жараған тұсы болды, оны мектеп бітірісімен «Қызылқұм» кеңшарына клуб менгерушісі қызметіне шақырды. Осы қызметті үш жыл абыроймен атқарған А.Сералиев 1971 жылы Қызылорда пединституты филология факультетінің «Ән және музыка» бөліміне оқуға түскен еді. Өнерпаз студент бірден «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамблінің құрамына алынды, домбырашылығына қоса түрлі плакаттарға, керілген маталарға ұрандар мен суреттер салуға әбден машықтанған жас жігітке факультет деканы Н.Жүнісов ерекше ықыласы болды, ал ансамбль жетекшісі Мұлкаман Қалауовтың қамқорлығы ерекше еді.

«Жолдамамен Қазалы ауданы Кәукей ауылындағы №225 орта мектепке қызметке бардым», – дейді А.Сералиев, – «Бес жыл тек мектеп қана емес, сол ауылдағы барлық мәдени шаралар менсіз өткен жоқ десем, артық айтпаспын. Мектеп директоры Әбжали ағай, оқу ісінің менгерушісі Сақыбай ағай және Алуағай ағайлардан ұстаздық шеберлікті үйрендім, оқушы тәрбиесіне қатысты талай ақыл-кестерін тыңдалдым».

БЛКЖО ОК, Кәсіподақтардың Бүкілодақтық ОК Мақтау грамоталарымен, Қазақстан ЛКСМ ОК Құрмет грамоталарымен бірнеше рет марапатталған, БЛКЖО ОК «Бесжылдық озаты» төсбелгілерін бірнеше рет иеленген А.Сералиев 1980 жылы Қызылорда қаласына қоныс ауларын, бір-екі жыл қала балабақшаларында музыка жетекшісі бо-

лып еңбек етеді де, 1982-1986 жылдары Н.Гоголь атындағы Қызылорда пединститутының «Бастауыш оқыту педдагогикасы мен әдістемесі» кафедрасында лаборант болып еңбек етеді. 1986-1988 жылдары М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесінде ұстаздық еткен ол 1988 жылы өзі бұрын лаборант болып қызмет атқарған кафедраға оқытушылық қызметке келеді.

Оның «Университет жастарының әні», «Ұстаз туралы әні», «Астанам, менің Астанам», «Менің республикам», «Гүлдене бер, Қызылорда!», «Ел мақтаны» және т.б. әндері Сыр әндері атты ұлы теңізге қосылған үлес екеніне дау жоқ.

«Балдаурен», «Қос қарлыға» атты әндр жинағы жарық көрген ұстаз-сазгер жас өнерпаздар шыңдалуына, шығармашылық өсуіне ерекше назар аударды. Жыл сайынғы түрлі ән байқауларына студенттерін қатыстырып, бағыттап отыруы нәтижесінде Жасұлан Жарменов, Айнур Насырова және т.б. студенттер республикалық, аймақтық өңірлер байқауында жүлделі орындарды иеленіп, үлкен өнер айдынына шықты.

Сазгер-ұстаз өткен жылы университет ұжымы алдында шығармашылық есеп беріп, қала орталығына ән мамырлатқан әдемі кеш өтті. Университет басшылығының қолдау көрсетуімен өткен кеште өнер сүйер қауым ұстаз-сазгерге осындай кездесу-кештерді қала мөлтек аудандары мен аудан орталықтарында өткізу жайлы ұсыныстар жасалды. Бұл енді келешектің шаруасы ғой, дегенмен Елбасы Н.Ә.Назарбаев осы жылды «Жастар жылы» деп жариялаған тұста осындай тәлімдік шараның артық болмасы да ақиқат ғой.

Республикалық әндер байқауында бірнеше рет жүлде алған, «Сыр әуендері» композиторлар байқауының жеңімпазы (I орын иегері), ардагер-ұстаз, сазгер Аққошқар Сералиев: «Мен үшін туған жер, атамекеннен қасиетті ешнәрсе жоқ. Өмірім туған жерде өтті, осы Сыр бойында еңбек еттім, ұрпақ өсірдім. Әлі де еңбек ете беремін, жас буынға білгенімді үйретсе беремін, себебі, ұрпақ үшін күрес – өмір үшін күрес емес пе?! Менің өнерім де, еңбегім де саған арналады, туған жер», – дейді. Иә, сазгер-ұстаз А.Сералиевтің әлі де талай туған жер туралы әндері өмірге келеріне шүбә жоқ.

### Алдажар ӘБІЛЛОВ, ҚР Журналистер одағының мүшесі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі.

## Хабарламалар

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресор-сиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-18-01) «Оңтүстік-Батыс Қарабұлақ кенішінде мұнай жинау жүйесі. №11, 50, 51, 69, 70, 75 ұңғымасынан аралық құбырлар тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-18-03) «Оңтүстік-Батыс Қарабұлақ кенішінде №11, 50, 51, 69, 70, 75 ұңғымаларына баратын кірме автожолдар тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-13-03) «Қараванчи кенішінде №40, 41 ұңғымаларына баратын кірме автожолдар тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-13-03) «Қараванчи кенішінде №40, 41 ұңғымаларына баратын кірме автожолдар тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (17-42) «Қызылқия кенішінің мұнай жинау бөкетіне ыстық су дарлау қондырғысын (БСДҚ) орнату» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-0 бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «Петро-Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (19-13-01) «Қараванчи кенішінде мұнай жинау жүйесі. №40,41 ұңғымалардан аралық құбырлар тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.mugzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-0 бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (19-13-02) «Қараванчи кенішінде №41 ұңғыманы электрмен жабдықтық» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.mugzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

## Асқа шақыру

2019 жылдың 15 маусым күні сағат 12.00-де ардақты әке, аяулы жолдас, құрметті тейіржолшы, білікті басшы Лепес Жаниязовтың қайтыс болуына байланысты жылдық асқа шақырамыз. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев көшесі, Империя-М мейрамханасы.

Жаниязовтар әулеті.

## САЛЫММЕН САҚТА САУЛЫҚТЫ

### Қызылорда облысы бойынша Медициналық сақтандыру қорына түскен жарна мөлшері 5 млрд теңгеден асты

2019 жылдың мамыр айында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру үшін қызылордалықтар 279,7 млн теңге аударды, деп хабарлады «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Руслан Бектібаев.

2017 жылдың I шілдесінен 2019 жылдың 31 мамырына дейінгі аралықта Қорға 5,03 млрд теңге түсті. Аударымдар жүйе іске қосылған алғашқы жарты жылда өзі үшін жарна төлеуге міндеттелген жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт (АКҚ) негізінде еңбек ететін тұлғаларға, сондай-ақ жұмыс берушілерге тиесілі.

Атап айтқанда, жинақталған қаражаттың 96,7% немесе 4,9 млрд теңгесін жұмыс берушілер, қалған 3,3% немесе 167,5 млн теңгені жеке кәсіпкерлер мен АКҚ негізінде еңбек ететін санат аударған.

Естеріңізге сала кетсек, жинақталған қаржы Ұлттық банкте сақталып және 2020 жылдан бастап МӨМС пакетінде көрсетілетін медициналық қызметтер ақысын төлеуге жұмсалмақ.

### МСҚ ТҮСКЕН ТҮСІМДЕР МЕН ЖАРНАЛАР АЙМАҚТЫҚ ТҮРҮДАН АЛҒАНДА



Медициналық сақтандыру қоры

### Жеке тұлғалардың көлік құралы салығы бойынша

Салық заңнамасының нормаларына сәйкес меншік құқығында салық салу объектісі бар жеке тұлғалар көлік құралдарының салық төлеушілері болып табылады.

Салықтық кезеңнің 31 желтоқсанынан кешіктіремізін күн жеке тұлғалар үшін көлік құралдарына салық төлеу мерзімі болып табылады.

1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл көлік құралдары салығын есептеу үшін салық кезеңі болып табылады.

Көлік құралдарына салықты есептеу уәкілетті органның ұсын-

ған мәліметтеріне сәйкес мемлекеттік кірістер органдарымен жүргізіледі.

Жеке тұлғалар салық төлеуді тұрғылықты жері бойынша жүргізеді.

Салық кодексінің 48-бабына сәйкес салық органы талап қоюдан ескіру мерзімі шегінде салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеуге, есепке жазуға немесе олардың есептелген, есепке жазылған сомасын қайта қарауға құқылы. Талап қоюдан ескіру мерзімі бес жылды құрайды.

Тіркелген көлік құралы туралы мәліметті анықтау үшін уәкі-

летті органға (тіркелген көлік құралдары туралы салық органдарына мәлімет ұсынытын), яғни Қызылорда облыстық полициясы Әкімшілік полиция басқармасына жүгінуге кәжет.

Бар берешектер бойынша ақпаратты алу және салыстыру актісін жүргізу үшін Сіз тұрғылықты жеріңіз бойынша салық органына жүгінуге болады.

**Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Өндірістік емес төлемдер басқармасы.**

## Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Бизнесің жоғалтасы-2020» Мемлекеттік бағдарламасының «Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылай емес шаралары» 4-бағыты аясындағы «Кәсіпкерлікті сервистік қолдау» және «Кәсіпкерлерді қолдау орталықтарында кәсіпкерлерді және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға ақпараттық қолдау» Компоненттері бойынша қызмет көрсетуге ҚР азаматтарынан іріктеуге өтініш қабылдау басталғандығы хабарлайды.

Өтініштер 2019 жылдың 14 маусым күні сағат 18.00-ге дейін қабылданады.

**Қажетті құжаттар тізімі:**  
1) жеке куәлік көшірмесі;  
2) жұмыс өтілім растайтын құжат көшірмесі;  
3) жоғары білімі туралы дипломының көшірмесі;  
4) 11 қосымшаға сәйкес Үміткер анкетасы.

Іріктеуге қатысуға өтініш үлгісі мен шарттарын Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы кәсіпкеріне: Желтоқсан көшесі, 12 немесе kyzylorda@atameken.kz электрондық поштасы арқылы алуға болады.

**Сервистік қызмет көрсету бойынша:**  
1) Қызылорда қаласының Сауда үйлеріне бағалықтар және салықтық есептерді жүргізуге, сонымен қатар статистикалық есеп-қисапты құруға байланысты қызметтер бойынша менеджер-кәсіпші – 1 адам;  
2) Қызылорда қаласының Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына заң қызметтері бойынша менеджер-кәсіпші – 1 адам;  
3) Қармақшы (1 адам) және Жалағаш (1 адам) ауданының Кәсіпкерлерді қолдау орталығына бухгалтерлік және салықтық есеп-қисапты құруға байланысты қызметтер бойынша менеджер-кәсіпші – барлығы 2 адам;

**Іріктеуге қатысушыларға қойылатын талаптар:**  
1. Жоғары білім;  
2. Сервистік қызмет түрі бой-

ынша кенес көрсетуден 1 жылдан кем емес немесе аталған салада 2 жылдан кем емес еңбек өтілінің болуы;

3. Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі;  
4. Компьютерлік сауатының болуы.

Кәсіпкерлер мен кәсіпкерлік бастамалары бар тұрғындарды бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын ақпараттандыру бойынша:  
1) монокалалар, кіші қалалар мен аудан орталықтарын Қармақшы (1 адам), Сырдария (1 адам), Жалаған (1 адам) аудандарындағы және Байқоныр қаласындағы (1 адам) Кәсіпкерлерге қолдау көрсету орталығы арқылы кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлік бастамалары бар тұрғындарды ақпаратпен қамтамасыз ететін менеджер-консультант – барлығы 4 адам;

**Менеджер-консультанттарға қойылатын талаптар:**

1) Жоғары білім;  
2) Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру саласында кенес көрсетуден 1 жылдан кем емес немесе кәсіпкерлікті қолдау саласында 2 жылдан кем емес еңбек өтілінің болуы;  
3) Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі;  
4) Компьютерлік сауатының болуы.

**Ескерту:** барлық менеджер-кәсіпкерлер шағын және орта кәсіпкерлік қолдауға бағытталған барлық мемлекеттік бағдарламалар («Бизнесің жоғалтасы-2020») мемлекеттік бағдарламасы, «Еңбек» бағдарламасы, «Агроөнеркәсіп кешенін дамыту» бағдарламасы, «Өнімділігі-2020», «Жеңілдетілген» бойынша кенес беруге құзыретті болуы тиіс.

*Үміткерлердің кандидатурасын Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрігімен келісіледі.*

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасындағы байланыс телефон: 8/7242/400874, 400202 – Кәсіпкерлікті қаржылай емес қолдау бөлімінің басшысы – Әбжаппаров Фархад.



## Заңсыз ойынға қарсы тұрайық!

Бүгінгі таңда заңсыз ойын бизнесі – қоғамның өзекті мәселесінің бірі. Бұл ойындарға адамның психологиялық тұрғыдан бағынышты болуы – түрлі қымыстардың орын алуына жол береді.

Соңғы жылдары ойын бизнесінің мемлекеттік реттеу бойынша заңнама жетілдіріліп, елді мекендерде ойын мекемелерінің орналасуына тыйым салынды және ойын бизнесін ұйымдастырушылардың жауапкершілігі күшейтілді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №219 «Ойын бизнесі туралы» Заңының 11-бабына сәйкес, казино мен ойын автоматтары залдары Алматы облысында Қашағай су қоймасының жағалауында және Ақмола облысының Шұғыл ауданында ғана рұқсат етіліп, Қазақстан Республикасының басқа аймақтарында орналасуына тыйым салынады.

Аталған заң талаптарының бұзылуы әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік жүзеге келтеді. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 445-бабына сәйкес, ойын бизнесін ұйымдастырушының заңнамала көзделмеген ойын бизнесі саласындағы қызмет түрлерін жүзеге асыруы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында онлайн-казино ұйымдастыру және өткізуі не ақшадан басқа, өзге де мүлік түрінде ставка қабылдауды көздейтін құмар ойындарын және (немесе) бес тілді ұйымдастыру – ойын жабыңды, заңдастырылған белгілер, әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған ақша және өзге де кірістер тәркілене отырып,

– орта кәсіпкерлік субъектілеріне 300 АЕК (757 500 тт.) айыппұл салуға;  
– ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 1000 АЕК (2 525 000 тт.) айыппұл салуға.

Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті.

«Нур-Строй ЛТД» ЖШС Қызылорда филиалының ұжымы «Aageum Electric» холдингі төрағасы Қожабаев Сейдулла Ильясовичке зайыбы **Бақытқұл Ақылбекқызының** қай


БАЙҚАУ

«Тұлпар мініп, ту алған!»



Қазақ әдебиетінің бастау бұлағы саналатын «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» сияқты эпостық жырлар ежелден халқымыздың қанына сіңген...

Ғазиза ӘБІЛДА.



еліміздегі 5 мың мектептен 50 мың оқушыға толық жаттату көзделген. Ал осынау тарихи жетістікті Гиннестің рекордтар кітабына енгізу мақсатында өтінім беру де жоспарда бар.

сондай-ақ Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп отырып, «Qazaq Eros» қоғамдық қоры жасайды.

«Тұлпар мініп, ту алған» байқауының мақсаты өскелең ұрпақты халқымыздың рухани асыл мұрасымен сусындатып, елдік пен ерлік, батырлық пен байыптылыққа баулып, отаншылдық рухта тәрбиелеуді көздейді.

Алдын ала берілген ақпараттарға сүйенсек, байқауға республика бойынша 6-10 сынып оқушылары қатысады.

ТЫЛСЫМ



Мен өмірге құштармын

Расында да, кім де болса өмір сүруге құштар. Бұл, ақиқат. Гүлсім әлі жас. Бірақ, біраз жылдан бері арбаға танылған. Ол өзінің қайсарлығымен, еңбексүйгіштігімен өмірден өз орнын табу мақсатында күресіп келеді.

Он екі жастағы Гүлсім бүгінде біршама жетістіктеріге қол жеткізді. Ауылдастарына өзінің көңөлімен танылған әжесінен үйренген ою-өрнектер мен бисерден жасаған бұйымдары жуырда елордада «Алтын қолдар» тақырыбында өткен республикалық жас қолөнершілер байқауында үздік топ танылды.

ликасының Тұңғыш Президенті-Елбасы қорының ұйымдастыруымен ел астанасында өткен «Жетістіктерге бірге» атты II паралимпиадалық байқауға қатысып, жүздеген оралды. Жуырда Қызылорда қаласында өткен XIV халықаралық балалар шығармашылығы «В1 Жұлдызай» фестивалінің облыстық кезеңінде Алғыс хатқа ие болды.

«Мен «Рандеву» би тобына жетекшімін Гүлнұр апайымның ұсынысымен келдім. Бүгінде Динара және Айшолпан сынды биші құрбыларымымен бірге бұл

өнердің қыр-сырын меңгеріп жатқан жайым бар. Нәтиже де жаман емес, біршама байқауға қатысып, жүлдегер де атандым. Бүгін біз Атырауға жүргелі тұрмыз. Алла қаласа, бірер күнде құрбыларымымен ол жақта өтетін фестивальға қатысамын. Әрине, менің де өз замандастарым сияқты алдыма қойған мақсатым бар. Тек тезірек аяғам тұрып, мектептегі сыныптастарым сияқты білім жолына түсу. Сонымен қатар, би саласында биікті бағындырып, өзімнің қолдауым – әжемінен үйренген қолөнерші жағастыру, – дейді Гүлсім.

Міне, біз де жол жүруге дайындалып жатқан Гүлсімге алға қойған мақсатының орындалуына тілектестік білдіріп қоштастық.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ. Қармақшы ауданы.

ОЙСАЛАР

«Шеңбердің» шырғалаңы



Кез келген ата-ана баласын білімді, тәрбиелі, жетістікке жеткен тұлға ретінде көргісі келеді. Оның заманға сай дамуы үшін барлық жағдайын жасауға тырысады. Қатарластарынан кем түспесін деп түрлі үйірменің бірнешеуіне тіркен те қояды. Қазіргі балалардың күн тәртібі үлкен адамның жұмысынан «күрделі». Неге дерсіз? Себебі, ата-ана баласының орнына қатып қалған тізбекті сызып, бір жолмен жүріп-тұруды үйретіп қойған тәртізді. Таңертең көзін уқалап ашып, спорттық, түрлі пәнді үйірмелерге барып келген бала түскі асын ішеріптен мектепке кетеді. Күніне 6-7 сабақты оқып, үйге келген соң берілген тапсырманы орындауы керек. Өйткені, таңертең кезекпен кезек баратын үйірмелері тағы тұр. Ертеніне дәл солай.

Айсауле ҚАРАПАЕВА.

Күнделікті қайталанатын тірлік ойын баласын бір күні жалықтыратыны белгілі. Бастапқыда қызығушылық танытқанымен, кейін одан жеруі де мүмкін. Алайда өз пікірін айтуға батылы жетпей, үйірмелерге үлкендердің нұсқауымен баратын бала ешқандай жетістікке жетпейді. Дәл осы жерде үлкендер «үлкен» қателік жібергенін біле бермеуді де мүмкін. Ата-ана сызған «шеңбермен» өмір сүретін бала, көп жағдайда шынайы өмірге бейімделуі қиын болады. Өз ойын, пікірін ашық айтудан жасқанады. Сөйтіп, ата-анасы жүр десе, жүретін, түр десе тұратын «құлтемір» балаға айналды. Өз баста кішкентайының сезімімен санаспаған, оның қабілетін деңгейін ескермеген ата-анасы да баласына риза емес. Балам айтқанымызды істемейтін болды, үйірмеден қашады, сабақ оқуға ынтасы жоқ, бар ойы телефонда деп мәселені өз қолымен жасап алады. Жалпы, бүгінде бала-

шықпанын қалайды. Өзгерлерден басқаша ойлайтын, әлемді өзгеше қабылдайтын жандарды түсінуге көп адамның ерік-жігері, білімі жете бермейді. Айналасындағылармен бірдей ойлай алмай, мектеп тарапынан «ақымақ» саналған атақтылардың тізімінде Томас Эдисон, Альберт Эйнштейн, Х.Андерсен, Стив Джобс секілді мықтылар бар. Ең қызығы, олардың көбі өзінен шексіз сенген ата-анасының қолдауымен немесе өмірлерінде кездескен ерекше ұстаздың арқасында өз қабілеттерін ұштай алған. Ал халқымыз баланың ерте жастан қабілетін таныуды керемет жеткізген.

Ат болатын құлынды, Желі басынан танысын. Адам болар ұлынды, Жолдасынан танысын. Батыр болар баланды, Тұлғасынан танысын. Жақсы болар баланды, Ел қасынан танысын...


Күйеуі тіршілікті бір сәт ұмытып, балаңызға көбірек көңіл бөлсеңіз, оны таныуда еш қиналмайсыз. Ұялы телефонға телмірген балаңызды ыстық құшағыңызға жиі-жиі басыңыз. Маңдайынан нисеніз. Бірге қызықты уақыт өткізіңіз. Кешке жұмыстан келгенде шахмат, дойбы, не футбол ойыны. Есіңізде болсын, балаңызды сізден басқа ешкім махаббатқа бөлей алмайды. Ата-анасының шексіз сүйіспеншілігіне қанып өскен ұл мен қыз өмірде кездесетін әр кездерден қиналмай өтері сөзсіз. Бүгін сіз сезімі жоқ «құлтемірге» айналған баланы тәрбиелесеңіз, қартайғанда жемісін жейтін өзіңіз екенін естен шығармасаңыз болды.

Қоғамда таланттарды түсіне алмаған, қабылдай алмаған оқиғалар аз болмаған. Таланттары ашылған жандардан төрі, қысымға ұшырап, өзін өмір бойы өзгерлерден кем санап өткендердің саны әлдеқайда көп. Себебі қазіргі қоғам мен мектептің көп талабы, адамның бір «қалыптан»

Ауылда әлеуметтік желіге үніліп отыратын уақыт аз. Оның үстіне интернет алыстағы елді мекендерді қамти қойған жоқ. Сол үшін қалаға келе салысымен, бірінші кезекте әлеуметтік желідегі парақшаларымызды тексереміз. Қарасам, «Инстаграм» желісінде бейтаныс жігіт жүзден аса суретімді қарап, лүпіл басқан. Өзінен хат та келіпті.

Еліктеу екіленіп барады

немесе балаңыздың аты кім?



– Сәлем, сұлу қыз! Танысқан бола ма? Әдемі болсаң да, есімнің баяғы заманша екен, – депті ол. Жай ғана жымидым да, өшіре салдым. Сондағы айтпағы, «Айғаным» деген есімім.

Балаға ат қою – әлімсақтан-ақ үлкен маңызға ие. Сәбиіге мағыналы есім таңдау – ата-ананың міндеті. Тіпті, ғалымдар адам есімінің оның тағдырына тікелей әсер етуші фактор екендігін айтуда. Қазақ әу бастан-ақ ырымшыл халық емес пе! Алысқа бармайын, менің отбасыма ырымдап ат қою кен тараған. Атам көпті көрген кісі болғандықтан, мағыналы есім қоюға тырысады. Мысалы, әулетіміздегі ер жігіттердің есімдері – Батырбек, Қаһарман, Қамбар, Сандыбай. Бұлар айбатты, ержүрек, ешкімнің көзіне тіке қарауға жасқанбайтын батыл болсын деген мақсатпен қойылған.

Өнер атты құндылық қашанда халықтың ұлылығын ұқтырады. Осы өнерге, оның ішінде ән-жыраға құмар болсын деп, қыз балалардың атын Құрманғазы, Тайжан қойған. Ал, қыздарына тал бойынан сұлулық пен зеректік үйлесім табатын Айғаным, Айгерім, Нұрғаным, Айман, Шолпан секілді аруалардың есімін берген. Атам – сегіз қарақоздың әжесі. Шаңырағымызда ер балаға қарағанда бойжеткендер басым. Атақимдер көп болсын деп, қыз балалардың есімін ырымдап атаған Ұялы, Ұялы деген есімдер де бар. Алайда, «Көргені бар көргені істейді, көргені жоқ ойына келгенін істейді» деген тәміл ойға оралады. Расында солай. Бүгінде балаға ырымдап ат қоюдағы бағытымыз бұрылып барады. Жөн-жоралғылардың жоғалуы, дәстүрдің дәріптелмеуі түрткі болатын да осы дүниелер. Телесериалдарды тапжылмай көретіндер аз болғандықтан, сондағы есімдерді қазақ балаларына қою белең алуға. Құмырсқадай қаптаған мұндай есімдер рухани жаңғыру жолындағы кедергі. «Аты бұзылған елдің заты да бұзылады». Жүрегі елім деп соғатын әрбір азамат есім қоюда салғырттық танытпағаны абзал. Ұлттың қазақ екені есімінен сезілуі тиіс. Өткендерін ескерген – өскендіктің белгісі, өткендерін жек көрген – өшкендіктің белгісі. Ұлттық санамыздың көкжиегін кеңейтіп, кемел болашаққа бет бұру жолында жаңылмауымыз керек.

Айғаным ҚҰРМАШЕВА, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың 3-курс студенті.

БӘРЕКЕЛДІ!

«Сыр гүлдері» топ жарды

Балаларды қорғау күніне орай Алматы қалалық мәдениет басқармасы «Бала шабытты» атты халықаралық байқау ұйымдастырды.

Бірқатар өнер ұжымы қатысқан осы байқауда Қазанғап атындағы музыкалық колледжі жанынан құрылған балалар мектебінің «Сыр гүлдері» би тобы «Ғарышкерлер биін» биледі. Қойылымның жанрлық идеясын, жанашылдығы мен бишілердің кәсіби деңгейін жоғары бағалаған қазылар алқасының шешімімен би тобы байқаудың гран-при жүлдесін иеленді.

Хореограф Жанар Тұңғышбайқызы жетекшілік ететін «Сыр гүлдері» тобының құрылғанына жеті жыл болған. Осы уақытқа дейін «Бозторғай» балалар байқауының 2-орын иегері, Испанияның Ллорет-де-Мар қаласында өткен байқаудың бас жүлдесін иеленіп үлгірген өнер ұжымы алда да талай биіктен көрінеді деп сенеміз.

«СБ» ақпарат.